



БҰЙРЫҚ

№ 108
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 93 и/ц
город Нур-Султан

**Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға
тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 9 бабана сәйкес, «Ата-аналардан заңсыз демеушілік көмек талап етуге тыйым салу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Р.Имангазинованың 2021 жылғы 24 қарашадағы № 764 бұйрығын орындау негізінде, балабақшаның мұқтаждығына ата-аналардан заңсыз ақша жинауды тоқтату мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 20 шілдедегі «Мемлекеттік білім мекемелерімен ақылы білім қызметін көрстеу тәртібі туралы» Қаулысымен қарастырылғаннан басқа ата-аналардан еріксіз ақшалай қаражат жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын.


2. Тәрбиешілер топтарда балабақшаның, топтың мұқтаждығына заңсыз ақша жинау, мерекелерге, бітіру кештеріне сыйлықтар беру мәселесі бойынша ата-аналар комитетінің мүшелері арасында түсіндіру жұмысын жүргізсін.

3. Осы бұйрықты орындамаған педагогтарға ең қатал, тіпті атқаратын қызметтен босатуға дейін жаза шаралары қолданылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрықпен қол қоя отырып, педагогикалық персонал таныстырылсын.

Менгеруші



М.А. Жолбарысова